



Бекітемін:  
«Жанаауыл ауылдың  
бастауыш мектебі» КММ  
менгерушісі У.Е.Махметова

2021-2022 оқу жылы

### Тәрбие жұмысының сараптамасы

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В. Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» деп білгірлікпен дәп басып айтқан.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, ірікеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас үрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көз қарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті парасатты, ар ожданы мол, еңбеккор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күннің талабына сай үрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің ірге тасын қалайтын негізгі қағидалар мыналар:

Тәрбиенің мазмұны, оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі-адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық.

Үздіксіз тәрбиенің негізі – ұлттық тәлім-тәрбие.

Жас үрпақты іс-әрекетпен қарым-қатынас арқылы тәрбиелеу.

Тәрбие-жүйесінің барлық буынында ана тілін пайдалану.

Тәрбие жүйесінің барлық сатыларымен салаларында тәрбиенің сабактастығымен үздіксіздігін, талап бір.

Жылдағы дәстүрге сай 1 қыркүйек - "Білім құні" мерекесінде мектебімізде барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, алғашқы қонырау үні соғылды.


Әнұранмен ашылған алғашқы қонырау ертеңгілігінде егемен елдің болашақ үрпақтары, мектепке енді ғана қадам басқан бірінші сынып оқушылары қошеметпен ортаға шықты. Биылғы жылдың ерекшелігі- мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің қолына Ахмет Байтұрсыновтың әдістемесі негізге алынған «Әліппе» оқулыға табысталды.

Жарқын болашақтың кішкентай бүлдіршіндері жалықпай білім іздейтіндіктерін білдіріп, өлең шумақтарын оқыды. Оларға мектеп бітіруші 4 сынып тұлектері қанаттарының талмауын тілеп, сыйлықтарын табыс етті.

Салтанатта сонымен бірге, мектеп өнерпаздары ән шырқап, алғашқы қоңырау үні сынғырлап, барша оқушыларды сыныптарға алғашқы сабакқа шақырды.



Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай өтетін онқұндық Жанаауыл бастауыш мектебінде салтанатты саптүзеумен ашылды. Бекітілген жоспар бойынша 6-23 қыркүйек аралығында «Қазақ тілі менің ана тілім» тақырыбында тәрбиелік маңызы бар бірнеше іс-шаралар үйымдастырылды. Мақсаты - оқушыларға ана тіліміздің маңыздылығын түсіндіре отырып, тілімізді құрметтеуге, ана тілімізден бөлек шет тілдерін менгерудің маңызын түсіндіріп, бірақ өзге тілде емес, өз ана тілімізде қарым-қатынас жасауға тәрбиелей отырып, оқушылардың адамгершілік, рухани, патриоттық сезімдерін қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілігін нығайту. Оқушылыр «Ахмет Байтұрсынұлы- қазақ әліпбійінің негізін қалаушы» атты тақырыптық сабакқа қатысты. «Ана тілің- арың бұл...» атты сынып сағат өтті. Бастауыш сынып оқушылары арасында « Тіл мергені» сайыстары болды.



Оқушыларға нанның адам еңбегімен, маңдай терімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру, нанды қастерлеуге, еңбек адамын құрметтеуге баулу мақсатымен «Ас атасы-нан» атты тәрбиелік шара үйымдастырылды. Балалар қасиетті тағам туралы өлеңдерін оқып, көріністерге қатысып ,жұмбақтар шешті. Сынып сағаты барысында балаларға орасан еңбекпен дастарханға келген ақ нанды халқымыз қасиетті тағам дейтіні туралы әнгімеленді. Жер-анамыздың бізге сыйлаған қазынасын ұқыпты да, ысырапсыз пайдаланайық. Қасиетті нанды қадірлеп, қастерлейік деген қорытынды жасады.

Мектебімізде «Аяулы күз, Алтын күз » атты тәрбие сағаты үйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты күз айлары ,осы мезгілдің

ерекшеліктері туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру. Күз мезгілінің берекелі екендігін айтып, түсінік беру, ойлау қабілетін дамыту. Сондай-ақ табиғатты сүюге тәрбиелеу, балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, қатысушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау. Балалар «Қояндар», «Тиіндер» болып екі топқа бөлініп, күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, сайыстың түрлі тапсырмаларын қызығушылықпен, ынтамен орынданап шықты



Оқушыларға Президентіміз Н.Ә. Назарбаев туралы мәлімет беру, сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту, елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдаған берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын ақсақтатқан Елбасының кісілік көлбетін менгерту, Отаның сүюге, елжандылыққа, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу мақсатымен мектебімізде 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған іс-шаралар атальп өтті. «Елі сүйген Елбасы» атты кітап көрмесінде балалар Елбасының балалық шағынан бастап бүгінгі күнге дейінгі өмірі мен ел жетістіктері ұсынылды. Сондай –ақ «Кеменгер Елбасы» тақырыбының аясында оқушылардың назарына видеоматериалдар көрсетілді.



Еліміздің тәуелсіздік алғалы 30 жылдығын атап өту бағытында мектебімізде біршама іс-шаралар ұйымдастырылды. Жетken жетістіктерімізben таныстырып, білімдерін кеңейту, Отанды сүюге, байлығын қорғауға, болашақта Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт дәстүрін сақтап әрі қарай жалғастыруға тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді. Атап өтсек «Тәуелсіздіктің жетістіктері» атты бейнематериалдар тамашалау, «Тәуелсіздік балалар көзімен» деген сурет көрмесі, төл теңгеміздің күніне орай сынып сағаттар, «Ел рәміздерін білесің ба?» атты зияткерлік ойыны сияқты іс-шаралар



Бірінші жартыжылдықтың соңында ,әдеттегідей ,балалардың көптен күткен Жаңа жылға арналған ертеңгілігі өтті. Оқушыларға Жаңа жыл туралы ұғым беріп, Жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге жұмыс жүргізілді. Жаңа жыл ертеңгілігінде балалар бойларында бар өнерін ортаға салып, достық қарым - қатынас оятып, көңілді ойындар ойнап, Аяз атаның сыйлықтарын алды.



Таза ауда ойнатылатын қысқы ойындар мен таныстыру,шапшаңдық пен ептілікті дамыту,ойын ережесімен таныстыру және оларды орындауға жаттықтыру; жүру түрлерін жаттықтыру мақсатымен үшінші тоқсанның алғашқы айында « Қыстың әсем кездері» атты шара үйымдастырылды.Балалар қысқы ойындар ойнап ,таза ауда денелерін шынықтырды.



Ақпан айында мектебімізде «Тапқыр достар» атты квест ойны өткізілді. Негізгі мақсаты: жан-жақты ақпараттануға, алған білімдерін өмірде қолдана білу шеберліктерін арттыру. Тапқырлық, шапшаңдық, зейінділік, есте сақтау қабілеттерін шындау, сөздік қорын молайту. Оқушыларды үйымшылдыққа достыққа, өзін-өзі тануға, айналасындағы ортамен қарым-қатынас жасауға, адамгершілікке, ана тілін сүйіп, қастерлеуге тәрбиелеу. Балалар түрлі қызықты тапсырмаларды топпен орындалап, бір-біріне қолдау көрсетіп , тапқырлықтарын,үйымшылдықтарын,білімдерін көрсете білді.

Окүшыларға әлемнің жарығын сыйлаған аналар мерекесі туралы түсінік беру, мейірімділікке, сый - құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесінің салтанатын сезіндіру, Анаға деген махаббаттарын арттыру үшін мектебімізде «Анашым-асыл әнім» атты 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі атап өтілді. Балалар Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті Ана жайлыш тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы жеткізе білді.



Бұл іс-шараның мақсаты балаларға 8 - наурыз туралы түсінік беру, жанұядағы ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту, Анаға деген бала махаббатын ояту. Балаларды ұятқа тән жақсы қасиеттерді білуге, үйренуге және олардың логикалық ой – өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын, ойлау қабілеттерін бала бойындағы өнері мен дарындылығын дамыту. Балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге, анасын сую арқылы еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу болды.

Қызы балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдет - ғұрпын, салт - дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу үшін көктем мерекесіне орай өткізілген «Қызы өссе-елдің көркі» сайыста қыздарды әдептілікке, әсемділікке, инабаттылыққа, сыпайылыққа, ата-баба дәстүрін біліп, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсете білуге, ана мен қызы бала арасындағы сыйластықты арттыруға тәрбиелеу, акыл-парасатын, талғампаздығын, тапқырлық, шеберлігін бағамдау арқылы сайысының женимпаз аруын анықтау мақсаты көзделді.

Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатымен «Наурыз-салт-дәстүр мерекесі» тәрбие сағаты аталып өтті. Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беріліп, Наурыз - жыл басы, ата бабамыздың жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі туралы түсінік берілді. Өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, балаларды елін, Отанын суюге, ұлттық салт - дәстүрін дәріптеуге имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастырып, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы білімдері тереңдетілді.. Окүшылардың тілін, мәнерлеп өлең оқу, ән салу, би билеу, сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын дамыту жұмыстары да қөзделді. Окүшылар ұлттық ойындар ойнап, ою ойып, наурыз көжеден дәм татты.

Суәір айының алғашкы күндерінде жыл бойына « Жол жұру ережелерінің» жоспарланған жұмысы бойынша қорытынды іс-шаралар өтті. Балалар «Көше және мен», «Жарақаттанғанда өзіне және жолдасыңа қалай көмектесі керек?» деген тақырыптарда жыл бойы алған білімдерін көрсете білді.

Оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуга тәрбиелеу мақсатымен мектебімізде «Бір шаңырақ астында» атты мерекенің» аясында «Бірлігіміз жарасқан» атты тәрбие сағаты өтті. Балалар әр ұлттың киімдерін киіп, қолдарына гүл, шарлар ұстап, өлеңдер оқып, ән салды.

9- Мамыр- Женіс күніне арналған « Ұлы Женіс күні- мәңгілі ел жадында» тәрбие сағатының мақсаты Ұлы Отан соғысы туралы, елін жаудан қорғап қалған ержүрек отандастарымыз туралы түсінік беру, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, ата - бабамыздың ерлік істерін қастерлеп, ұлғі - өнеге тұту, елжандылыққа, туған елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу болды.



25-мамырда мектебімізде соңғы қоңырау соғылды. Білім негізі бастауыштан қаланатын оқушылық өмірдің бастанапқы баспалдағын аяқтаған бүлдіршіндердің алғашкы ұстазымен қоштасу рәсімі җасалып, бастауыш мектептен алған білімдері, өнерлері жиналған ата-аналар, қонақтарға паш етіп, ортаға салынды. Ұстаз еңбегін бағалай білуге, жан-жақты білім алуға, саналы азамат болуға тәрбиелеу мақсатымен «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты іс-шара аталып өтті.

